

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметін өзін-өзі бағалау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе қаласы, 2026 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия» КММ

(*білім беру ұйымының атауы)*

Ақтөбе қ. Ағайынды Жұбановтар 273 Б 22.06.2026

Қазақстан Республикасының «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1)	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия» КММ
2)	**білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы**) 030000, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағайынды Жұбановтар көшесі 273 «Б» үй.
3)	**заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт**) тел: 8 (7132) 45-70-79, электрондық мекен-жайы: 21-mektep@aktgoroo.kz **web-сайт:** https://akt-mg21.edu.kz/
4)	**заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі**): – Унгарбаев Амангельды Ибрагимович 2025 жылдың 12 қыркүйегінен бастап Ақтөбе қаласының білім бөлімінің № бұйрығымен гимназиясының директоры болып тағайындалды.
5)	**құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі**) Заңды тұлғаны мелекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылдың 16 сәуірінде берілді. Берілген күні 16.04.2021 ж, БСН 911040000120. Заңды тұлғаның құрылтайшылары: Ақтөбе облысының әкімдігі Жарғысы «Ақтөбе облысы қаржы басқармасының 2025 жылғы 17 қыркүйектегі №К-229 бұйрығымен бекітілді.
6)	**рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)** Гимназияның бастауыш және негізгі орта, жалпы орта білім беруге арналған 25 маусым 2025 жылғы №KZ35LAM00007911 лицензиясы бар.

2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

	Мақсаты: білім мен тәрбиенің жоғары сапасын қамтамасыз ету, саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру. Тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарға негізделген әлеуметтік-бейімдеу жүйесін енгізу, дене бітімі мен денсаулықты сақтау механизмдерін енгізу, көшбасшылық пен алқаластықтың жаңартылған үлгісін тиімді қолдану, гимназияның ақпараттық-инновациялық білім беру ортасын құру. **Гимназияның миссиясы** 21-табыстылар мекені **Құндылық:** негізі – адалдық пен ұлттық мүдде, мазмұны – сапалы білім мен тәрбие, қарым-қатынаста - құрмет пен сенім. Гимназияның даму жоспары бар.

3. Оқыту және білім беру

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;

2025-2026 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.06.2024 № 161 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығымен) бекітілген бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі –ҮОЖ) және МЖМБС талаптарын басшылыққа алып оқу жұмыс жоспары жасалды және оқу жұмыс жоспарына сәйкес сабақ кестелері жасалып гимназия директорымен бекітілді.

2025-2026 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 25 сынып комплекті (оның ішінде 25 гимназия сыныбы), 5-9 сыныптар аралығында 27 сынып комплектісіне (оның ішінде 24 гимназия сыныбы, 3 мандандырылған (үш тілде оқытылатын) сынып), 10-11 сыныптар аралығында 7 сынып комплектісіне (оның ішінде 5 гимназия сыныбы, 2 мамандандырылған сынып) және үйде оқитын 1 білім алушыға оқу жұмыс жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында гимназия сыныптары үшін оқу жұмыс жоспарлары ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 14-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

5-9 сыныптар аралығында арналған оқу жұмыс жоспарлары төмендегідей ҮОЖ негізінде жасалды:

- Гимназия сыныптары үшін ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 19-қосымшасы;
- Мамандандырылған (үш тілде оқытылатын) сыныптар үшін ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 65-қосымшасы;

10-11 сыныптар аралығында арналған оқу жұмыс жоспарлары төмендегідей ҮОЖ негізінде жасалды:

Гимназия сыныптары үшін ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 27, 29-қосымшалары.

- Мамандандырылған (үш тілде оқытылатын) сыныптар үшін ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 67-қосымшасы;
- Жалпы білім беретін сыныптар үшін ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасы.

Үйден оқитын білім алушылар үшін оқу жұмыс жоспарлары төмендегідей ҮОЖ негізінде жасалды:

7 сынып білім алушысына ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 55-қосымшасы;

Оқу жұмыс жоспары бойынша барлық сыныптардағы инварианттық және вариативтік оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылды. Оқу жұмыс жоспарындағы барлық пәндер сабақ кестесіне қойылды, сабақ кестелері қосымша жалғанады.

	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2- қосымшасы 3-тарау 28, 29 тармағының, 3 -қосымшасы 3 тарау 40,41 тармағының, 4-қосымша 3-тарау 30,31 тармағының талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2025-2026 оқу жылының барлық оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары қаралды. Инвариантты компонент пәндерінің күнтізбелік тақырыптарын жоспарлауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа алынды.
Оқу бағдарламалары оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тақырыптарға сағат санының үлестірілуі және тоқсан көлемінде тақырыптардың оқытылу реттілігін пән мұғалімі анықтай отырып, орта мерзімді жоспар, яғни күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірледі. Сонымен қатар, орта мерзімді жоспарға сәйкес күнделікті сабақта қолданылатын қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жасады. Пән мұғалімдерінің құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығын басшылыққа ала отырып жасалды. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік- тақырыптық жоспарлары, оқу бағдарламасының орындалуы жартыжылдыққа 1 рет тексерілді және директор жанындағы кеңесте қаралды.
2025-2026 оқу жылында оқу пәндерінің гимназия орта сапасы төмендегідей:

№	Оқу пәні	Орташа сапа	Үлгерім
1	Қазақ тілі	86,9%	100%
2	Қазақ әдебиеті	82,5%	100%
3	Әдебиеттік оқу	95%	100%
4	Дүниетану	98%	100%
5	Ағылшын тілі	85,5%	100%
6	Орыс тілі мен әдебиеті	88,4%	100%
7	Биология	82%	100%
8	Химия	75%	100%
9	Жаратылыстану	92,6%	100%
10	География	72,6%	100%
11	Қазақстан тарихы	90,7%	100%
12	Дүниежүзі тарихы	94,4%	100%
13	Математика	87,5%	100%
14	Алгебра	75%	100%
15	Физика	75%	100%
16	Геометрия	74%	100%
17	Информатика	97%	100%
18	Құқық негіздері	98%	100%

Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 2025-2026 оқу жылында барлық оқу пәндерінен баға қорытындыланған, барлық оқу пәні бойынша үлгерім -100%. Бұл оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігін көрсетеді.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

2025-2026 оқу жылында бейінді оқытуды іске асыру барысында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 6 сынып комплектісі, қоғамдық- гуманитарлық бағыт бойынша 1 сынып комплектісі білім алды. Тереңдетілген және стандартты деңгей бойынша таңдау пәндерін оқыту 4 сынып-комплектісінде төмендегідей жүзеге асырылды:

Сыныбы	Тереңдетілген деңгей (таңдау пәні)	Стандартты деңгей (таңдау пәні)

10б (ЖМБ)	Физика/география	Дүниежүзі тарихы/ құқық негіздері
11б (ҚГБ)	Дүниежүзі тарихы/география	Физика/биология
10ә (ЖМБ)	Химия/биология	Дүниежүзі тарихы/ құқық негіздері
11ә (ЖМБ)	Физика/биология	Дүниежүзі тарихы/ құқық негіздері

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясы қарастырылды:

№	Класс	Таңдау пәні	Таңдау пәні	Таңдау пәні
1	7 «Ә»	География	Биология	Қазақ әдебиеті
2	7 «Б»	Алгебра	Физика	Биология
3	7 «В»	Химия	Биология	Қазақ әдебиеті
4	7 «Д»	Химия	Биология	География
5	7 «Г»	Биология	Химия	Алгебра
6	8 «Ә»	Алгебра	География	Қазақ әдебиеті
7	8 «Б»	Биология	Химия	Алгебра
8	8 «В»	Алгебра	Физика	Қазақ әдебиеті
9	8 «Г»	Алгебра	Физика	Химия
10	9 «Ә»	Биология	География	Физика
11	9 «Б»	Алгебра	Физика	Биология
12	9 «В»	Биология	География	Физика
13	9 «Г»	Биология	Химия	Физика

.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 13,14-тармақ талаптары сақталған.

ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

2025-2026 оқу жылында үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарларында вариативті компоненттің оқу жүктемесі жоспарланған.

Гимназиялық компонент сағаттары:

№	Пән атауы	Сыныбы	Сағат саны
1	Жаратылыстану кеңейту	5 «Ә»	2
		5 «Б»	1
		5 «В»	2
		5 «Г»	2
		5 «Д»	2
		6 «А»	1
		6 «Ә»	3
		6 «Б»	1
		6 «В»	1
		6 «Г»	2
2	Математика кеңейту	5 «Ә»	2
		5 «Б»	2
		6 «А»	2

		6 «В»	2
3	Ағылшын тілі кеңейту	5 «А»	2
		6 «Г»	2
4	Қазақ әдебиеті кеңейту	5 «А»	2
		5 «Д»	2
		6 «Б»	2
5	Математикалық функционалдық сауаттылықты жетілдіру	5 «А»	1
		5 «В»	1
		5 «Г»	1
		5 «Д»	1
6	Абайтану	5 «Б»	1
		5 «В»	1
		5 «Г»	1
		6 «А»	1
		6 «Г»	1
		7 «Ә»	1
		8 «Г»	1
		9 «Ә»	1
		9 «В»	1
7	Экопро	5 «Ә»	1
		6 «В»	1
		6 «Ә»	2
		7 «Г»	2
8	Робототехника	5 «Б»	1
		5 «В»	1
		5 «Г»	1
		6 «Б»	1
		6 «В»	1
9	Алгебра кеңейту	7 «В»	2
		9 «Ә»	2
		9 «В»	2
10	География кеңейту	7 «Д»	1
		8 «В»	1
		8 «Г»	1
11	Биология кеңейту	8 «В»	1
		7 «Г»	2
12	Химия кеңейту	7 «Б»	1
		9 «Ә»	1
		9 «В»	1
		7 «Ә»	2
13	Pisa зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар	6 «А»	1
		6 «Б»	1
		7 «Ә»	1
		7 «Б»	1
		7 «Д»	1
14	Pisa есептерін шешу	8 «В»	1
		8 «Г»	1

15	Физика есептерін шығару практикумы	8 «В»	1
16	Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері	8 «В»	1
17	Креативті ойлау	9 «Ә»	1
		9 «В»	1
18	Қазақтың ұлттық ойыны «Асық ойыны»	7 «Б»	2
		7 «В»	2
		7 «Д»	2
		8 «Г»	2
19	Биологиялық білім негіздері	8 «Ә»	3
		8 «Б»	3
		9 «Б»	3
		9 «Г»	3
20	Дебат	8 «Ә»	2
		8 «Б»	2
		9 «Б»	2
		9 «Г»	2

Дене шынықтыру: спорттық ойындар:
1. 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Д», 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7 «Г», 7 «Д», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «В», 9 «Г» - 1 сағат.

Элективті курстар төмендегі ретте бөлініп берілді:
1. Pisa зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар – 7 «А» - 1 сағат;
2. Абайтану – 8 «А» - 1 сағат;
3. Математика болашақ мамандықта – 9 «А» – 2 сағат;
4. Pisa есептерін шешу – 8 «А» - 1 сағат;
5. Химиялық есептеулердің тұрмыста қолданылуы – 8 «А», 9 «А» - 1сағат;
6. Жануарлар дүниесінің класификациясы – 7 «А» - 1 сағат;
7. Физика есептерін шығару практикумы – 8 «А», 9 «А» - 1 сағат;
8. Қазақтың ұлттық ойыны «Асық ойыны» - 7 «А» - 2 сағат;
9. Креативті ойлау –9 «А» - 1 сағат;
10. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері – 8 «А», 9 «А»,9 «Ә», 9 «В» - 1 сағат;
11. Қазақтың ұлттық ойыны «Асық ойыны»-9 «Б», 9 «Г» - 1 сағат.
Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары:
2025-2026 оқу жылында 10 «А», 10 «Ә», 10 «Б», 11 «А», 11 «Ә», 11 «В» жаратылыстану-математикалық бағыты, 11 «Б» қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқиды. Бұл бағыт оқушылар мен ата –аналардың таңдауы мен өтініші негізінде алынды. 10-11 сыныптарының вариативті компонентін бөлу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр.
Жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында 10-11 класс оқушыларына төмендегідей сағаттар берілді:
1. 10 «А», 10 «Ә», 10 «Б», 11 «А», 11 «Ә», 11 «Б», 11 «В» - 1 сағат;
Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер келесідей ретте таңдалды:

№	Класс	Таңдау пәні	Таңдау пәні	Таңдау пәні

1	10 «Б»	Қазақстан тарих	География	Алгебра және анализ бастамалары
2	10 «Ә»	Қазақстан тарихы	География	Физика
3	11 «Ә»	Қазақстан тарихы	География	Алгебра және анализ бастамалары
4	11 «Б»	Химия	Құқық негіздері	

Гимназиялық компонент сағаттары:

№	Пән атауы	Сыныбы	Сағат саны
1	Математикалық сауаттылық	10 «Б»	2
		10 «Ә»	2
		11 «Б»	2
		11 «Ә»	2
2	Қазақстан тарихы: сұрақтар мен жауаптар	10 «Ә»	1
		11 «Ә»	1
		11 «Б»	1
3	Күрделілігі жоғары химия есептерін шығару	11 «Ә»	1
4	Креативті ойлау	10 «Б»	1
		10 «Ә»	1
5	Химия пәнінен өндірістік мазмұндағы есептер	10 «Б»	1
		10 «Ә»	1
6	Сөз өнерін игеру	11 «Б»	1

Дене шынықтыру: спорттық ойындар:
1. 10 «Ә», 10 «Б», 11 «Ә», 11 «Б» - 1 сағат;

Элективті курстар төмендегі ретте бөлініп берілді:

1. Математикалық сауатылық – 10 «А», 11 «А» - 2 сағат; 11 «В» - 1 сағат;
2. Физиканың сапалық, сандық мазмұндық есептер шығару әдістері – 11 «А», 11 «В» - 1 сағат;
3. Креативті ойлау – 10 «А» - 1 сағат;
4. IELTS: ключ к международному успеху – 10 «А», 11 «А» - 2 сағат;
5. Химия пәнінен өндірістік мазмұндағы есептер шығару – 10 «А» - 1 сағат;
6. Қазақстан тарихы: сұрақтар мен жауаптар – 11 «А» - 1 сағат.
7. Сөз өнерін игеру – 10 «Б», 10 «Ә», 11 «Ә» - 1 сағат.

2025-2026 оқу жылындағы вариативтік компоненттің факультативтер мен таңдау курстар бағдарламаларының толық орындалуы «BilimClass.kz» электронды журналында жүзеге асырылды. Вариативті компонент сағаттары оқу жылының жұмыс оқу жоспарлары үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылды, вариативті компонент сағаттары «BilimClass.kz» электронды журналының сыныптар сабақ кестесіне толық салынды, бағдарламалары толтырылып, сабақтар кестеге сай өткізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшасы 3-тарау 29 тармағына, 3-қосымшасы 3-тарау 42 тармағына, 4-қосымша 3-тарау 31-тармағына сәйкес жүргізілді.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Гимназияның оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелерінің көшірмелері бойынша:

Оқу жылы	Оқу жоспарындағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі /гимназия сыныптары/мамандандырылған сыныпт р										
	1 сын	2 сын	3 сын	4 сын	5 сын	6 сын	7 сын	8 сын	9 сын	10 сын	11 сын
2025-2026	24,5	27	30	30	33,5	33,5	36,5	37,5	40	38	38

2025-2026 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348

бұйрығының 2-қосымшасы 3-тарау 28-тармағы «Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды», 3-қосымшасы 3-тарау 40-тармағы «Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 30,5 сағаттан, 6-сыныпта – 30,5 сағаттан, 7-сыныпта – 33,5 сағаттан, 8-сыныпта – 34,5 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс» талабына сәйкес келеді.

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

Гимназияның оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелерінің көшірмелері бойынша:
Кестедегі апталық және жылдық сағат сандары вариативтік компонентін және білім беру деңгейлері бойынша есептелінген:

Оқу жылы	Сынып комплект	1-4 сыныптарда		Сынып комплект	5-9 сыныптарда		Сынып комплект	10-11 сыныптарда	
		апталық	жылдық		апталық	жылдық		апталық	жылдық
2025-2026	25	699	23619	27	972	33048	7	266	9044


2025-2026 оқу жылында 1-11 сыныптарға арналған білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы «Bilimclass» электронды журналындағы сабақ кестесіне оқу жоспарының инвариантты және вариативті компоненттері толық енгізіліп, жүргізілді.

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.


2025-2026 оқу жылдарында инвариантты және вариативті компонент бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілді.
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 30,31-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 43, 45-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 33,34-тармақ талаптарына сәйкес топқа бөлу ерекше білім беру қажеттілігі бар бала жоқ болуына байланысты сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болған жағдайда ғана жүзеге асырылды.

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

Бастауыш сыныптарда "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру", негізгі орта білім беруде"Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салалары бойынша жүргізілді. Әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттары нақтыланды. Жүргізілген сабақтар сынып журналына толық түсірілді. Білім беру бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексереді, ағымдық бағалау жүргізеді. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жиынтық бағалаулар өткізілді. Практикалық және зертханалық оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілді. Білім беру салаларында тиісінше тыңдалым, айтылым, оқылым дағдыларының оқу мақсаттары игерілді.
2025-2026 оқу жылдарындағы білім сапасы төмендегідей болды:



Сонымен қатар білім беру бағдарламаларын табысты (үздік) меңгерген оқушылар үлесі:



Әрбір білім беру саласы және оқу пәндері бойынша білім алушылардың үлгерімі 100%. 9, 11 сынып білім алушыларына қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша негізгі орта білім туралы аттестат берілді:
2025-2026 оқу жылында 9 сыныпта 138 білім алушы, 11 сыныпта -108 білім алушы аяқтады. Қорытынды аттестаттау нәтижесінде барлық білім алушылар оң баға алып, гимназияда 7 «Алтын белгі», 8 «Үздік» аттестат иегері, 93 білім алушы Жалпы орта білім туралы аттестат алды. 9 сынып білім алушылары да оң нәтиже көрсетіп 24 білім алушы Үздік аттестат, 114 білім алушы Негізгі орта білім туралы аттестат алды.
Қорытынды аттестаттаудағы оқу пәндері бойынша білім алушылардың нәтижелері

9 сынып бойынша (1 білім алушы босатылған)

Пән атауы	**Қатысқандар саны**	**«5» алған білім алушылар саны**	**«4» алған білім алушылар саны**	**«3» алған білім алушылар саны**	**«2» алған білім алушылар саны**
Ана тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан	137	49	63	25	0
Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан	137	40	50	47	0
Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан	137	62	58	17	0

Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан	137	66	55	16	0
Физика	4	0	3	1	0
Биология	35	9	21	5	0
География	4	2	0	2	0
Қазақ әдебиеті	16	9	6	1	0
Қазақстан тарихы	22	15	4	3	0
Ағылшын тілі	47	24	19	4	0
Информатика	7	6	1	0	0
Геометрия	2	1	1	0	0

11 сынып бойынша

Пән атауы	**Қатысқандар саны**	**«5» алған білім алушылар саны**	**«4» алған білім алушылар саны**	**«3» алған білім алушылар саны**	**«2» алған білім алушылар саны**
Ана тілі бойынша жазбаша емтихан	108	40	59	9	0
Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан	108	24	68	16	0
Қазақстан тарихынан ауызша емтихан	108	42	52	14	0
Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан	108	58	45	5	0
Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан	108	73	29	6	0
Физика	4	0	1	3	0
Қазақ әдебиеті	11	7	3	1	0
Құқық негіздері	3	2	1	0	0
Биология	38	22	14	2	0
География	1	1	0	0	0
Геометрия	6	3	3	0	0
Ағылшын тілі	31	26	5	0	0
Информатика	14	12	2	0	0

Қорытынды аттестаттау 9,11 сыныптарға міндетті және таңдау пәндерінен өтті, емтихан хаттамалары рәсімделді, хаттамаға емтихан балы мен бағасы жазылды. Қорытынды баға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығына 1-қосымша 3-тарау 78-тармағына «*9 (10) және 11 (12) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оқу жылындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шәкіл бойынша) 30:70 арақатынаста қойылады. Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын бүтін санға жүргізіледі*» талабына сәйкес қойылды.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығына 1-қосымша 2-тарау 35-тармағы «*Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі" пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.*

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады, тапсырмаларды академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, педагогтер құрастырады және білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді.

"Қазақ тілі", "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәндері бойынша қорытынды баға емтихан (бес балдық шкала бойынша) және жылдық бағалау (бес балдық шкала бойынша) нәтижелері негізінде 30-дан 70-ке пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағалау ең жақын бүтінге қарай дөңгелектеледі.» талабына сәйкес 5-8,10 сыныптарда қазақ тілі пәнінен аралық емтихан жүргізілді. Емтихан тапсырмалары құрастырылып, әдістемелік кеңеспен келісіліп, гимназия директорымен бекітілді. Емтихан тапсырмалары тексеріліп, хаттама рәсімделді. Емтихан бағасы Bilimclass электронды журналына қойылып, қорытынды баға талапқа сай шығарылды.

Қаты сқан дар саны	5 сыныптар-184			6 сыныптар-163			7 сыныптар -168			8-сыныптар -134			10- сыныптар-74		
	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»
723	**84**	**70**	**30**	**66**	**55**	**41**	**42**	**76**	**50**	**37**	**70**	**27**	**26**	**35**	**13**

Барлық емтихан хаттамаларында ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы 3-қосымша «Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихан хаттамасы» нысаны басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

2025-2026 оқу жылдарындағы білім беру мазмұнын игеру мақсатында аралық, ағымдық жұмыстарының нәтижелері, сынып журналдарындағы қалыптастырушы бағалау «Bilimclass.kz» электронды журналдарына қойылды.

2-11 кластарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізіліп отырды. Барлық оқу пәндерінен электронды журналда БЖБ балының қойылуы қаралды, БЖБ үшін максималды балл 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болып жүргізілді. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар оқу пәндерінен БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. Ал қалған пәндерден БЖБ тоқсанына 3 реттен артық жүргізілмеді. Тоқсандық жиынтық бағалау әр тоқсан сайын гимназия директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша жоспарлы жүргізілді. Жоспар бойынша тоқсандық жиынтық бағалау параллель сыныптарға бір күнде бірдей пәннен, үш пәннен асырылмай өткізіліп отырды. Сонымен қатар ТЖБ кестесі барлық оқу пәнінен БЖБ алынып болғаннан кейін, тоқсанның соңғы күніне дейін өткізіліп болды. БЖБ, ТЖБ күндері денсаулығына байланысты сабаққа келе алмай қалған білім алушыларға тоқсандық қорытындыға уақытша аттестатталмады белгісі қойылып, білім алушы келгеннен кейін қосымша кестемен алынып отырды.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілді.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды 2025 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 25 мамыр.

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

4. Білікті қызметкерлердің болуы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы

Гимназияда барлық пәндер бойынша жоғары оқу орнынан тиісті мамандық бойынша білімі бар педагогтер қызмет атқарады. Білімі туралы құжаттары қызметкерлердің жеке іс-қағаздарында жинақталған.

2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымында 110 педагогикалық қызметкер жұмыс жасайды. Барлығы жоғары білімді, тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, магистр академиялық дәрежесі бар мамандар саны –21. Базалық білімі жоқ, яғни мамандығына сәйкес келмейтін педагогтер жоқ.

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі-**100% (бағалау –«5»)**

Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің педагогтердің жалпы санынан үлесі: <u>бастауыш білім беру үшін:</u> жалпы білім беретін мектептер үшін кемінде 25 %. <u>Негізгі білім беру үшін:</u> гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 % <u>Жалпы орта білім беру үшін:</u> гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына сәйкес білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуы

<u>Бастауыш білім беру деңгейі бойынша</u>: (гимназия директорымен бекітілген мұғалімдердің тарификациялық тізімі бойынша(қыркүйек))

2025-2026 оқу жылында педагогикалық жүктеме бойынша бастауыш сыныптарда сабақ беретін – 57 педагог бар, оның ішінде біліктілік санаттары бойынша «педагог-шебер»-0, «педагог-зерттеуші» - 22, «педагог-сарапшы» - 13, «педагог-модератор» -12, санаты жоқ- 10, сапалық құрамы- 35 педагог – **61,4 %. (бағалау бастауыш білім беру деңгейіндегі гимназиялар - 50 % -дан жоғары-5)**

<u>Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша</u>: (гимназия директорымен бекітілген мұғалімдердің тарификациялық тізімі бойынша(қыркүйек))

2025-2026 оқу жылында педагогикалық жүктеме бойынша негізгі орта білім беру деңгейінде сабақ беретін – 89 педагог бар, оның ішінде біліктілік санаттары бойынша «педагог-шебер»-1, «педагог-зерттеуші» - 30, «педагог-сарапшы» - 22, «педагог-модератор» -18, санаты жоқ- 18, сапалық құрамы- 53 педагог – **59,5%.**

<u>Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша</u>: (гимназия директорымен бекітілген мұғалімдердің тарификациялық тізімі бойынша(қыркүйек))

2025-2026 оқу жылында педагогикалық жүктеме бойынша жалпы орта білім беру деңгейінде сабақ беретін – 53 педагог бар, оның ішінде біліктілік санаттары бойынша «педагог-шебер»-1, «педагог-

зерттеуші» - 25, «педагог-сарапшы» - 14, «педагог-модератор» -7, санаты жоқ- 6, сапалық құрамы- 40 педагог – **75,4%.**

Педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі талапқа сәйкес келеді.

Аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер

Оқу жылдары	Ғылыми жобалар конкурстары бойынша **халықаралық, республикалық** кезеңдеріндегі жеңімпаздары саны	Жалпы білім беретін пәндер бойынша **халықаралық, республикалық** олимпиадаларда жеңімпаздар саны	Шығармашылық байлаулар жүлдегерлер саны **халықаралық, республикалық**
2025-2026	**5**	**4**	**48**

Басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі-100%.

Реті	**Лауазымдық міндеті**	**Біліктілік санаты**	**Берілген мерзімі**
1	*Гимназия директоры* Унгарбаев Амангельды Ибрагимович	*«Бірінші санатты басшы»*	*11.09.2024 жылғы №455 бұйрығы*
2	*Оқу ісі жөніндегі орынбасары* Әли Гүлжанат Қалдыбайқызы	*Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары*	*10.09.2024 жылғы №449 бұйрығы*
3	*Оқу ісі жөніндегі орынбасары* Насрадинова Жания Адаевна	*Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары*	*28.12.2021жылғы №191 бұйрығы*
4	*Оқу ісі жөніндегі орынбасары* Кенжебаева Тамара Ерекешовна	*Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары*	*22.07.2021 жылғы №191 бұйрығы*
5	*Ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары* Махамбетова Назгуль Карасаевна	*Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары*	*22.07.2021 жылғы №191 бұйрығы*
6	*Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары* Умирзакова Зейнеп Темиржановна	*Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары*	*17.10.2024 жылғы №523 бұйрығы*
7	*Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары* Машбаева Айнұр Жарылғасынқызы	*Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары*	*17.10.2024 жылғы №523 бұйрығы*
8	*Оқу ісі жөніндегі орынбасары* Асанбаева Гульнур Жалгасовна	*Санаты жоқ*	*Лауазымдық қызметке 2025 жылы*
9	*Оқу ісі жөніндегі орынбасары* Камбарова Салтанат Аманжоловна	*Санаты жоқ*	*Лауазымдық қызметке 2026 жылы*

***Бағалау*:** Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (*оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей*) үлесі –100 **% -5 балл**

Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет, кемінде 36 сағатты құрайтын біліктілігінің артуын қамтамасыз ету.

Педагогтердің біліктілік арттыру курсынан өтуі, лауазымдық қызмет бағытына қарай біліктілік курсынан 100% өтті. Гимназия басшыларының біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы мәлімет:

Бағалау: *Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі*- 100 % - *5* ***балл***

5. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

2025-2026 оқу жылында денсаулығына байланысты 1 білім алушы үйден оқыды:

1.7 «Д» сынып оқушысы, 20.08.2025 жылы берілген №246 ДКК қорытындысы бойынша 2025-2026 оқу жылында үйде оқыту ұсынылған. Ата-анасының өтініші мен ДКК қорытындысы негізінде гимназия директорының 2025 жылдың 02 қыркүйектегі №231н/қ бұйрығымен үйден оқыту ұйымдастырылды. Білім алушыға жеке оқу жұмыс жоспары ҚР БжҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 55-қосымшасын негізге ала отырып жасалды. Жеке сабақ кестесі мен сабақ уақыты ата-анасымен келісіліп, бекітілді. Оқу жұмыс жоспарындағы пәндерінің толық іске асырылуы Bilimclass электронды журналында жүргізілді, сонымен қатар сабақтың өткендігі туралы белгі қойылуы үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес қағаз журналы жүргізілді.

2025-2026 оқу жылында инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар болған жоқ

Осылайша, гимназияда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар бар, олар үшін оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңының 8-бабына 5-тармағы *«Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады»* талабына сәйкес қажеттілігі бар білім алушыларға жеке үйде тегін оқыту ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар, денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде оқыту ұйымдастырылды. 2025-2026 оқу жылында 1 оқушы тіркелген.

2025-2026 оқу жылдарында инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар болған жоқ

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу кезінде жүргізілетін жұмыстар, инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары білім алушылардың физикалық ерекшеліктеріне қарай толық жасалды.

Гимназияда ерекше азаматтарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында жағдайлар жасалған.

6. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы

Гимназия ғимараты бейнебақылау камераларымен толық қамтылған. Камераларды орналастыруда адамдар жаппай жиналатын жерлер ескерілген және балаларды бақылауға мүмкіндік береді. Ішкі бейнебақылау камералар саны: 91, сыртқы бейнебақылау камералар саны: 16. Ақтөбе қаласы Полиция басқармасының жедел басқару орталығына 107 бейне бақылау камерасы қосылған.
Гимназия ғимаратына кіруге қолжетімділікті бақылау мақсатында турникет қойылған, “Дабыл түймесі” іске қосылған. Ғимаратты мамандандырылған күзет қызметімен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

7. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

№ 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы

Гимназияда кітапхана *(ауданы 82,2 ш.м)* бар. *20 орындық о*қу залы бар, оқырман саны -1839.
Кітаптар саны:

Барлығы(оқулықтар, көркем әдебиеттер, брошюралар және журналдар)	*49467*
– оның ішінде оқулықтар	*40773*
– оның ішінде кітаптар (көркем әдебиеттер, брошюралар және журналдар)	*8694*

Оқу жылының басында келіп түскен оқулықтарды ескере отырып оқушылардың қамтамасыздандырылуы *(оқу жылының басы бойынша)*

Сынып	**Кітап комплектілер саны**	**Оқушылар саны**
1 сынып	204	204
2 сынып	205	205
3 сынып	228	228
4 сынып	194	194
5 сынып	181	181
6 сынып	163	163
7 сынып	171	171
8 сынып	136	136
9 сынып	144	144
10 сынып	86	86
11 сынып	108	108

Білім алушыларды оқулықпен қамтамасыз ету-100%.








Бағалау: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі-100%-**5 балл.**

ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығына сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен Медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен Медициналық қызметке лицензияның немесе шарттың болуы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 15131 үшін) (бұдан әрі – № 141 бұйрық)

Гимназияда медициналық қызмет көрсету кабинеті (емдеу бөлмесімен жабдықталған) бар. Медициналық қазмет көрсету туралы «№4 қалалық емханамен» келісім шарт жасалған. Медициналық кабинетте 1 тақтай төсек кушетка, 1 дәрі-дәрмек шкафы, 1 бой өлшегіш, 2 электронды салмақ өлшегіш, 1 ширма, 2 жылжымалы әйнекті стол, лотоктарымен электронды танометр, градусниктер, 1 Сивцев таблицасы, процедура қабылдауға арналған вакциналарды сақтайтын тоңазытқыш, 1 зарарсыздандырылған материал салатын бикс, 1 вакцинаға арналған термоконтейнер, анафилактикалық шокты емдеуге арналған дәрілермен жабдықталған.

Балалар арасындағы көп тараған аурулардың динамикасын азайту мақсатында медициналық кабинетпен бірлескен жұмыс жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылуда.





халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт

негізінде ғимараттарда (оқу корпустарында) білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы <u>4 және 11 тармақтар бойынша</u>:

Мектепте тамақтану обьектісі асхана бар, 120 орынға арналған. Қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. (тоңазытқыш-3, электр плита-3, пісіру шкафы-2, еттартқыш-1, үстел-30, орындық-40)
Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы № D.04.X.KZ61VWF00012155, 09.09.2019 жылғы.




Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген санитариялық нормаларға және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.

Гимназияның меншік құқығы бар материалдық активтері бар. Ғимарат типтік, 4 қабатты, жобалық қуаты-800 орындық. Ғимараттың жалпы ауданы- 10952,5 ш.м.жалпы жұмыс ауданы 8207 ш.м. Салынған жылы-1991 жыл.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу кабинеттерімен, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жабдықталған.

Материалдық активтер № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

- № 348 бұйрыққа және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – 385 бұйрық) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы;

- edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

- № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

- № 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;


- № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы;


– ғимаратта № ҚР ДСМ-76-бұйрыққа сәйкес санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қолжуғыш раковиналар) болуы. Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 және Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18239 болып тіркелген) бекітілген бірлескен бұйрыққа (бұдан әрі – № 32 және № 49 бұйрықтар) сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы


/ № 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; - № 348 және № 385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы; - шағын жинақты мектептер үшін-физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтардың болуы № 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы

Мектепте 2 компьютерлік сыныппен, 68 компьютермен жабдықталған. Жалпы мектепте компьютер саны -180. Оқу кабинеттері бойынша оқу процесінде қолданылатыны -180, интернетке қосылғаны-180

және Wi-Fi бар. Интернет желісі жылдамдығы 100 Мбит/с. Гимназияда интерактивті панель-31, интерактивті тақта-16, жылжымалы проектор – 2. Ақпараттық-интерактивті киоск -1, планшет-8.









Білім беру процесін ұйымдастыру үшін толық жағдай жасалған. 50 класс кабинеті, оның ішінде жаңа модификациядағы биология (63,9ш.м.), физика (82,4 ш.м.), химия (81,0 ш.м.), информатика-2 (63,2 ш.м., 53,4 ш.м.), робототехника (62,3 ш.м.), Intellectum-2 (61,3 ш.м., 60,8 ш.м.), ағылшын тілі (60,9 ш.м.), шахмат, алғашқы әскери технологиялық дайындық, көркем еңбек кабинеттері бар. Физика, химия және биология кабинеттері зертханалық құралдармен толық жабдықталған, сонымен қоса химия, биология цифрлық лаборатория құралдарымен жабдықталған. Жиын залы (184,08ш.м.), 2 спорт залы 280,3 ш.м., 279,0 ш.м.), хореография залы, музыкалық студия заман талабына сай жабдықталған. Гимназияда педагогикалық - әдістемелік мұражай жұмыс жасайды.


-№ 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың саны-380 дана.




-№ 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы:
Гимназия жабдықтар мен жиһаздармен толық жабдықталған.










- ***edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік*** *атауы* https://akt-mg21.edu.kz/ *бар.*

-№ ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтары

Ауыз су бұрқақ -5, куллер -42, барлық оқу кабинеттері ауыз сумен қамтамасыз етілгін.

– ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы. Мектепте қыз балаларға және ер балаларға арналған арнайы бөлек дәретханалар бар, Дәретхана -17, унитаздар-34, писсуар -14, қол жуғыштар -27.

Бағалау: Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы-**100% -5 балл;**

№ 6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін пандуспен, кіру алаңында және тайғанамайтын кіреберіс, екі жақты тұтқа(жарақаттамайтын, үстінен және астына көлденең аяқталған), кіру алаңында және тайғанамайтын кіреберіспен жабдықталған. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шақыру батырмасы мен көтеру құрылғысы (лифт), тактильді жол, 2 дәретхана, брайля жазуымен жабдықталған.

Бағалау: Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы - ***100 % - 5балл.***

8. Тәрбие жұмысы

2025-2026 оқу жылында «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» бағдарламасы бойынша жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназияда 2 кезекті, 59 сынып комплекті 1809 білім алушымен тәрбие жұмыстары жүргізілген. Тәрбие процесін кадрлық қамтамасыз етуде 2024-2025 оқу жылында гимназия директорының тәрбие бағытында бекітілген міндет талаптары бойынша 3 тәрбие орынбасары, 1 тәлімгер , 1 педагог-ұйымдастырушы, 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог және 59 сынып жетекші қызмет етті.

Оқу –тәрбие жүйесіндегі сынып жетекшілердің сапалық сипаттамасы

Сынып жетекшілердің білім деңгейлерінің сапа көрсеткіштері, жасалған жұмыстар.

Барлығы	Жоғары білімді	Арнаулы білімді
59	59	0
Сапа	100 %	

Сынып жетекшілермен тоқсан сайын сынып жетекшілер отырысы жасалып, құжаттары хаттамаланған. Жас сынып жетекшілерге тәлімгерлер тағайындалған. Сынып жетекшілермен бірігіп жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жыл бойы гимназияда жоспарлы түрде көптеген тәрбиелік бағыттағы маңызы зор тақырыптық іс-шаралар атқарылды.

Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістері тәрбие жұмысының мәселелер нәтижесінің; педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңес отырыстарында қаралуы.

Тәрбие жұмысының жүргізілуі мектепішілік бақылауларда бақыланып, педегогикалық кеңес пен директор жанындағы кеңестерде қаралып нәтижесі талқыланған. Ұсыныстар мен ескертулер беріліп, олардың орындалуы қадағаланды. Жыл бойы төмендегідей мектепішілік бақылау жоспары жүзеге асырылды.

Тәрбие жүйесінің міндеттерін іске асыру мақсатында жүргізілген жұмыстар.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 20.09.2023жылғы №398 және Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 21.09.2023жылғы №303 бұйрығына сәйкес гимназияда «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөнінде бірлескен жоспарды басшылыққа ала отырып, іске асыру жөнінде кешенді жоспар жүзеге асырылуда. Бағдарлама мақсаты - жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздеді. "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру үшін төмендегі міндеттер көзделді:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Мемлекет басшысы 2024 жылы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі 6 құндылықтарды атап өтті:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрініс тапты. Әр айда тұлғаны қалыптастыру бағытталған іс-шаралардың жалпы саны – 77. Оның сынып сағаты - 34/33. Жалпы мектепішілік шараның саны -43.

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
- Қаңтар – заң және тәртіп айы
- Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Әр айдың **күнделікті** іс-шаралары бойынша:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында жиі *асық, тоғызқұмалақ, бес тас, сақина салмақ сынды* ойындар жүзеге асырылды.

«Өнегелі 15 минут» - ана-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі бойынша бірнеше өнегелі әңгімелер сынып жетекшілерге ұсынылып, сынып жетекшілер ата-аналарына түсіндіру нәтижесінде, жақсы кері байланыс алынды. Біз ұсынған әңгімеден тыс мазмұнды түсініп, балаларына шын мәнінде құлақ асып, бөлек форматта кері байланыс берген ата-аналар да жеткілікті болды. Десе де, бұл тек бастауыш пен орта буынның кері байланысы. Жоғары сыныппен алдағы жылы жұмыстар жалғасын тауып, жандана түсуге жұмыстану керек.

«Өнегелі 15 минут» бойынша жыл бойы алынып отырған гугл формадағы сауалнама негізінде 1-сыныптардан ата-аналарымен байланыс жасаған, кері байланыс алған. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бойынша *асық, қанталапай* ойындарын ойнатты.

- 2-сыныптардан «Өнегелі 15 минут» және «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бойынша күнделікті, апта көлеміндегі шаралар уақытылы жүзеге асып, сынып жетекшілері де, ата-аналары да белсенділік танытты.
- 3-сыныптардан «Өнегелі 15 минут» және «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бойынша асық, сақина салмақ, шахмат, мақал мен жұмбақ жарысын ұйымдастырды.
- 4-сыныптар «Өнегелі 15 минут» және «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бойынша *(асық, бес тас, күй тарту, шахмат, орамал тастау*) күнделікті, апта көлеміндегі шараларды уақытылы жүзеге асыруда жұмыстанды.
- 5-сыныптар «Өнегелі 15 минут» және «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» *бес тас, тоғызқұмалақ, сақина салмақ, күй тарту* сияқты ойындарын ойнатты.
- 6-сыныптар арасында «Өнегелі 15 минут» бойынша ата-анаға тапсырма берілген, кері байланыс алынған. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бойынша 6 «Б» , 6 «Д» жақсы жұмыстанды.
- 7-сыныптар барлығы ата-анаға тапсырма берген. Кері байланыс 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» видео алынған, 7 «В», 7 «Г» оқушылардан ауызша сұрақ-жауап арқылы алған.Ұлттық ойынды ұйымдастыру бойынша *асық ату, бес тас, шахмат*, қоңырауда *домбыра* тартады. Тек 7 «Г» сыныбымен жұмысы жүйелі болмады. Бірақ бұл сынып *жетекші «Жақсылық эстафетасын» (қайырымдылық жасады)* жасауға атсалысты.
- 8-сыныптар арасынада ата-анаға тапсырма берілген. Кері байланыс білім алушылардан сұрақ-жауап арқылы алынған. Алдағы жылы белсенділік арттыру қажет. Бұл сыныптар да «Қамқор» жоба бойынша жұмыстанды.
- 9-сыныптар арасында тек 9 «А» мен 9 «Б» сыныбынан кері байланыс болды. Ата-анаға берілген мәтіндерді берген, бірақ кері байланыс алынбаған/9 «Ә», 9 «Г». Аталған сыныптар ұлттық ойын ұйымдастыру бойынша жұмыстанды.
- 10-сыныптар ата-аналар чатына тапсырма үлестірген, ауызша кері байланыс алған.

«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу бойынша жаңа корпуста оқитын сынып жетекшілеріге тапсырма беріліп, барлық сынып жадынама ілді. Жаңа корпустардан басқа сыныптарда да үздіксіз түсіндіру жұмыстары түсіндірілді. Бастауыш сыныптар ата-анамен бірлесе видео түсіріп, кері байланыс ұсынды.

Әр айдың **апта сайынғы** іс-шаралары бойынша:

«Апта дәйексөздері» алдын ала таратылып, сынып тақталары мен лед-экранға ілініп, сынып жетекшілер білім алушыларға аптаның басында мазмұнын түсіндіріп, талқылау жүргізілді.

«Қауіпсіздік сабағы» - жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде дүйсенбі сайын білім алушыларға 10 минут ақпарат берілді.

«Менің Қазақстаным» - оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар ҚР Әнұранын үнемі орындалды.

жыл сайын:

- «***Досбол LIKE»*** – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу/ **«Менің мектебім буллингке қарсы»** флэшмоб өтті, бірнеше сыныптар «**Менің сыныбым буллингке»** қарсы тақырыбында челлендж түсірді.
- ***«Әншуақ»*** – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай өткізілді.
- **«Ақындар айтысы»** – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткізу. Қазан айында «Егемендігім – ерен елдігім» тақырыбында 9-11 сынып арасында жас ақындар айтысы өтті.

2025-2026 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде әр айдың құндылығына бағытталған тапсырмалар параллель сыныптарға бөлініп беріліп, шаралар уақытымен ұйымдастырылды. Мысалы, «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік» құндылығына бағытталған гимназия білім алушыларын адал еңбекке баулу, еңбектің қоғамдағы рөлін және адал табыс пен еңбектің маңызын түсіндіру мақсатында «Еңбек түбі – береке» тақырыбында жаппай тәрбие сағаттары өткізілді, көркем еңбек пәні мұғалімдері 6-сынып арасында сыныптан тыс шара мен «Күзгі асар» ұйымдастырды. Білім алушылар «Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ» деген ұранмен мектеп ауласын қоқыстардан тазалап, «Таза бейсенбілікке» белсене атсалысты.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетудің міндеттері: 1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті ата-ана мәдениетін, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру; 2. орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту; 3. балаларды тәрбиелеу және дамыту үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Ата-аналарға пед.қолдау мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру еді*:* отбасы мүшелері арасындағы сыйластық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

Бкітілген жоспарға сай, ата - аналарға арналған дәрістер, Ашық есік күндері, тренингтер өткізіліп, «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Даналық клубы» балалар мүддесі үшін ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты шарада білім алушылар ата-әжелеріне арнап концерт қойып, үлкендердің батасын алды. «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер» деген тақырыпта 1-сынып білім алушыларының отбасымен сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Гимназия ата-аналары «Өнегелі 15 минут» шарасына үздіксіз жыл бойы қатысып, белсенділік танытты.

"Әкем, анам және мен" атты қалалық отбасылық спорттық эстафеталық сайысында Абдолла отбасы жүлделі III орын иеленді. Қалалық " Әкем екеуміз аспазбыз" байқауына Абдолла отбасы қатысып, жүлделі II орынға ие болды. Қалалық **«Отбасылық альбом»** шығармашылық жобасында 1 «Г», 5 «А»,9 «Б» ата-аналары жүлделі I және III орын иеленді.

Сонымен қатар жыл басында 11 мүшеден құралған қамқоршылық кеңесі сайланды. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жоспарға сай отырыстары өтіп, отырыстардың нәтижесі хаттамаланды.

Алдын-алу шаралары

Гимназияда **«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн»** халықаралық акциясына орай жоспар құрылып, ата-ана мен баланың қарым-қатынасын нығайту мақсатында 1-4 сыныптар арасында «Әкем, анам және мен» спорттық сайыс, «Мейірім әлемді құтқарады» тақырыбында 5-7 сынып арасында сурет байқауы, 8-

сыныптар арасында «Ана махаббаты – отбасылық бақыттың кілті» атты сыныптан тыс шара және «Ізгілік пен сыйластық» жолында тақырыбында жаппай сынып сағаты өткізілді.

«Заң және тәртіп» акциясы аясында да мектепішілік жоспар құрылып, білім беру ұйымдарына алып келуге тыйым салынған заттарды анықтау мақсатында сыныптарда «Таза сөмке» айдарымен рейд ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары бірнеше мәрте жүргізілді.

«Заң және тәртіп» акциясы аясында сабаққа қатысым мониторингі жүргізіліп, жиналған деректер негізінде талдау жасалынып, директор жанындағы кеңесте талқыланды.

«Заң және тәртіп» акциясы аясында ата-аналарға бірыңғай ашық есік күні ұйымдастырылды.

Жасөспірімдердің құқықтық сауатын арттыру мақсатында 9-11 сынып білім алушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

7-сынып білім алушыларының ұйымдастырумен «Жақсылық эстафетасы» жүзеге асты.

Виртуалды әлемдегі бала қауіпсіздігін алдын алу мақсатында **«Кемел біліммен цифрлы әлемге»** тақырыбында 9-сыныптарға танымдық шара өткізілді.

Тоқсан сайын кәмелетке толмағандар бойынша суицид пен қылмыстың алдын алу мақсатында 8-11 сынып білім алушыларының ата-аналарына Ақтөбе қаласы прокуратурасының Қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің аға прокуроры Санат Самжами Санатұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.






2024-2025 оқу жылы тоқсан сайын гимназияның 9-11 сынып білім алушыларына арналған Ақтөбе облысы Полиция департаменті мамандарының қатысуымен “Құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын-алу және болдырмау” тақырыбында және есірткі мен психикаға белсенді әсер ететін заттардың кері әсері сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен діни экстремизмнің алдын алу мақсатында және №2 ҚПБ учаскелік инспекторы, полиция майоры Дуюсов Аслан түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік" республикалық жобасының спикер-волонтёры Таганов Еркебулат Сериковичпен "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында 9-11 сынып білім алушыларымен кездесу өткізді.

Гимназия білім алушылары "БІЗДІҢ МЕКТЕП БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ" жалпы республикалық флэшмобқа қатысты. Ай сайын **"Буллингтен қорған" тақырыбында** сынып сағаты өткізілді.

Мектеп әкімшілігі тарапынан “Бала қауіпсіздігі- қоғам келешегі” тақырыбында балалардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар мен педагогтермен жиналыс өткізілді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту мақсатындағы түнгі рейд тәрбие орынбасарлары тарапынан жүргізілді.

2024-2025 жылдың өткен кезеңінде мектепішілік есепте тұрған және Ақтөбе қаласы ІІБ Сазды полиция бөлімінде есепте тұрған білім алушылар жоқ.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТ/ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларда жүзеге асырылды.

Әлеуметтік 6 жоба бойынша сыныптардың белсенділігі

Жоба атауы	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып

«Қамқор» жобасы ➢ «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет (тыл ардагерлері, қоғамдық көлік) ➢ «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» (құстар ұясы)	+ +	+ 2Г +	+	4 «Б»+ 4 «Г» +	+5 Ә	+	+7 Г	+8 А + 8 Ә +8 Б +8 В +8 Г	9 А+ 9 Ә+ 9 Б+ 9 В+ 9 Г+	10В+	
«Еңбегі адал-жас өрен» ➢ «Күзгі асар» жәрмеңкесі ➢ Мамандықтар әлемі ➢ «Мамандықтар марафоны» конкурсы	+	+	+	+	+	+	+	+ +8	+ +9 +9 б +9 в	+ +10 А	+11 В
«Smart bala» жобасы ➢ Өнертапқыштыққа бір қадам ➢ «Стартап» байқауы (робототехника)		+2 В	+3 Д	+4 Ә	+5 А	+	+	+		+10В	
«Шабыт» жобасы ➢ «Даналық ұстаздан» челлендж ➢ Мектеп театры ➢ «Ананың аялы алақаны» челленджі ➢ «Әншуақ» фестивалі	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +5А	+	+	+	- +9	-	+ +
«Балалар кітапханасы» жобасы ➢ Әдеби кеш ➢ Кітаптар көрмесі ➢ ➢ Кітаптар айналымы ➢ «Шын жүректен кітап сыйла!»	+	+2Ә	+	+	+5 +	+6Д +6Д	+7А +	+8 А +8В +	+9А +9 Б +	+10 А +10Б +10В	+11А +11 Ә
«Ұшқыр ой» алаңы жобасы ➢ Дебат ➢ Зияткерлік сайыс	+ +		+			+		+	+	+	+
«Даналық мектебі» ➢ Отбасылық дәстүрлер +1 ➢ Қарттар күні +4	+			+ +							
Аналар мектебі		+									
Әкелер мектебі(«Әкем, анам және мен»/ «Әкем екеуміз супер аспазбыз»)		+		+4Ә							

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар нәтижесінде білім алушыларымыз ата-анасын сыйлап, перзенттік парызын түсінді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалай алады, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалай алатын тұлға қалыптасты.

Жыл соңында жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді және ата-аналар жиналысында ескертілді. Сынып жетекшілер 5 жиналыстың хаттамасы мен жылдық есептерін тапсырды. 2025 – 2026 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасына сүйене отырып, «Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілердің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес түсіндірілді. Жолда жүре ережелері оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-4 сыныпта тәрбие жоспарының уақыттарына кіріктіріліп электронды журналға түсірілсе, 5-8 сыныпта арнайы бет ашылып, электронды журналға түсірілді.

Білім алушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектепішілік үйірме және секция жұмыстары жұмыс жасады.

Үйірмелер: Домбыра, хор, би, вокал, фотостудия, телестудия, интеллектум, робототехника, программалау, «Күншуақ» театры.

Спорт секциялары: волейбол (ер, қыз балалар), футбол (ер, қыз балалар), баскетбол, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі, ұлттық ойын. Сонымен қатар «Кемеңгер» оқырмандар клубы, «Әдемі-ау» қыздар клубы, «Адал ұрпақ» ерікті клубы, «Ізгілік» еріктілер тобы, «Экопро» клубы..

Аталған үйірмелер мен секциялар жұмыс жасағанымен, ішінара болмаса, домбырадан басқасы сыртқы сайыстарда жүлделі орындарға ілікпеді.

Қорытындылай келе, гимназияда тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін талап ететін бірқатар мәселелер бар екені анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1) Оқыту және тәрбие беру қызметін іске асыруда гимназияда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының барлық талаптары сақталған.
2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүзеге асырылған, қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.
3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» № 473 бұйрығы негізінде біліктілікке қойылатын талаптар орындалды.
4) Гимназияның оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған.

Әл-Фараби атындағы
№21 мамандандырылған гимназия директоры _____ А.И.Унгарбаев
(қолы) *(аты-жөні, бар болған жағдайда)*

комиссия мүшелері _____ Г.Қ.Әли
(қолы) *(аты-жөні, бар болған жағдайда)*

_____ А.Ж.Бимағамбетова
(қолы) *(аты-жөні, бар болған жағдайда)*